

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің PhD докторанты Макашева Жанат Становнаның 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты тақырыбына жазылған PhD докторлық диссертациялық зерттеу жұмысына

ПІКІР

Макашева Жанат Становнаның қарастырылып отырған PhD диссертациялық жұмысы халықаралық қатынастар және саясаттану саласындағы маңызды тақырыптардың бірін қамтиды: «Ұлттық мүдде» тұжырымдамасын Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік егемендігін құруындағы сияқты мәселелерді қолданады. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі стратегиясын анықтау үшін Ресей және Қытай сияқты көршілес елдермен стратегиялық серіктестік орнату арқылы жүзеге асырады. Автор «ұлттық қауіпсіздік» және «территориялық тұтастық» ұғымдары контекстінде «ұлттық мүдде» тұжырымдамасының табиғаты мен ерекшеліктерін сипаттайды, сонымен қатар жоғарыда аталған көршілес елдердің мемлекеттік егемендік құрылысын өз жұмысындағы басты басымдық ретінде сипаттайды. Зерттеу жұмысында, 30 жылдан бері әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында «ұлттық мүдде» тұжырымдамасының зерттеу деңгейін нақтылау үшін қолданады.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспе бөлімі, өзектілігінен, мақсатынан, ғылыми жаңалықтарынан, зерттеу материалдарынан, теориялық және тәжірибелік маңыздылығынан, әдістемесінен, және тақырыпқа байланысты сілтеме жасаған кітаптар мен мақалалардан тұрады.

Бірінші тарауда халықаралық қатынастардағы «ұлттық қауіпсіздік», «ұлттық мүдделер», «ұлттық бірегейлік» және «территориялық тұтастыққа негізделген егемендік» сияқты ұғымдардың теориялық негіздері, сонымен қатар жалпы алғанда «Қазақстанның сыртқы саясаты» сипатталған. Тұжырымдамалар аясындағы мектептер мен бағыттарды, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Екінші тарауда Қазақстан егемендігінің факторы ретінде әріптестікті нығайтудың алғышарттары, ұлттық қауіпсіздік мәселелері мен территориялық тұтастық ретінде Қазақстанның ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға баса назар аудара отырып, Қазақстанның Ресеймен стратегиялық серіктестігі талданады.

Үшінші тарауда Қазақстанның ұлттық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған сараптамалық әлеуметтік сауалнаманың қорытындысы - Қазақстан егемендігінің ұлттық қауіпсіздігі, территориялық тұтастығы, сонымен бірге ұлттық бірегейлік мәселесі сауалнамалық сұрақтар арқылы сарапқа салынады.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы толығымен автор таңдаған тақырыпқа арналған. Ол Қазақстанның ұлттық-мемлекеттік құрылысын халықаралық қатынастар контекстінде жүйелі түрде зерттеуді және олардың Ресей және Қытай сияқты субъектілермен стратегиялық әріптестікке ие ерекшеліктерін тек көршілестік және тарихи анықталған екі жақты негіздеме тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар олардың әлемдік держава ретіндегі ерекшеліктерін қарастырады.

Сонымен, Макашева Жанат Становнаның PhD диссертациялық зерттеу жұмысын ұқыпты орындағаны аңғарылады. Өзінің зерттеу жұмысының әрбір кезеңінде, алға қойған мақсатын көрсете білу, әр-түрлі елдер авторларының еңбектерін пайдалана алу және сараптама жүргізу кезінде тиісті қорытындыларды жасай отырып, тақырыптан тыс кетпеу қабілеттілігін көрсете білді. Автордың тәжірибелік нәтижелері диссертация жазудағы теория мен тәжірибе бойынша барлық құралдары мен ережелері толық көрсетілді. Ол зерттеу тақырыбын зерттеуде заманауи тәсілдер мен әдістерді қолданды, мақсаты мен міндеттерін ашып көрсетті, зерттеу жұмыстың нәтижесінде Қазіргі заманғы әлемдік тәртіптің орнатылуы және Қазақстан Республикасының егемендігі жағдайында мемлекеттің ұлттық мүдделерін арттыру жолында бірқатар тәжірибелік кеңестер берілді.

Менің ойымша, Макашева Жанат Становнаның орындаған PhD докторлық диссертациялық зерттеу жұмысы қорғауға ұсынылады. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде диссертация жазу бойынша қабылданған академиялық ережелеріне мен тәжірибесіне сәйкес келеді, - деген сенімдемін. Автор, 6D020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша PhD ғылыми дәрежесін иемденуге лайық.

Отандық ғылыми жетекшісі

Қолы _____

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, аймақтану кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы

Кадыржанов Р.К.